

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

28 қазан – 1 қараша 2024 жыл



28 қазан – 1 қараша

Аптаның негізгі тақырыптары

01



АҚШ-тың 10 жылдық қазынашылық облигацияларының өсуі жалғасуда

02



Мега-кап техгиганттар және нарық үрдістері


03



Апта кестесі

АҚШ-тың 10 жылдық қазынашылық облигацияларының өсуі жалғасуда

АҚШ-тың мемлекеттік облигациялар нарығындағы кірістіліктің ағымдағы жағдайы құбылмалы болып тұр, 10 жылдық қазынашылық облигациялардың кірістілігі жыл басындағы 3.6% деңгейінен 4.2%-ға дейін өсті. Алдағы айларда қысқа мерзімге 4.5%-ға дейін көтерілуі мүмкін. Орта мерзімді болашақта ФРЖ монетарлық саясатты жұмсартуға көшкеннен кейін бірден кірістілік 3.5%-4.0% диапазонына оралуға тиіс.



Дереккөз: CNBC

Мега-кап техгиганттар және нарық үрдістері

Google, Microsoft, Meta, Apple және Amazon сияқты ірі технологиялық компаниялар есептерінің нәтижесі жалпы оң болды, алайда келесі тоқсанға жасалған болжам нарықта кішігірім құбылмалылық тудырды.

Нәтиже мен болжам – компаниялардың көпшілігі түсім мен пайда бойынша жасалған болжамнан асып түсті, бірақ Microsoft және Apple сияқты кейбір компаниялардың талдаушыларының күткенінен төмен болжам берді, бұл нарықта күмән тудырды.

Meta мен өзге компаниялар жасанды интеллектіге жұмсалған шығынның артқанын жариялады, бұл ЖИ жобаларынан нақты қаржылық нәтиже күтетін инвесторларды алаңдатып отыр. Қазір ЖИ технологиялары дамудың бастапқы сатыларында, оларды түрлі секторларға кең ауқымда енгізу үшін уақыт қажет болады.

Қысқа мерзімді құбылмалылық АҚШ-тағы сайлау жағдайындағы ауытқудан кейін сақталады деп күтілуде, бірақ біз ЖИ әлеуетін сәтті іске асырып, цифрландыру мен инновацияға сұраныс тұрақты боп тұрған жағдайда өз нәтижесін жақсартатын алатын техгиганттардың ұзақ мерзімді әлеуетін көріп отырмыз.

Соңғы төрт президенттік сайлауға (2008, 2012, 2016 және 2020 жылдар) және олардың нарыққа ықпалына назар аударыңыз:


Обама жаһандық қаржы дағдарысы кезінде билікке келді. Алайда кең ауқымды ынталандыру мен қолдау бағдарламаларының арқасында АҚШ экономикасы қалпына келе бастады, бұл нарықтың өсуіне ықпал етті.

Трамп салықты азайту және қайта реттеу есебінен экономиканы белсенді түрде ынталандырды, бұл S&P 500 индексінің айтарлықтай өсуіне негіз болды. Алайда оның мерзімі соңында COVID-19 пандемиясының өршуі нарықта айтарлықтай құбылмалылық тудырды.

Байден елді пандемия мен қалпына келтіру шаралары жүріп жатқан кезде қабылдады.

Ағымдағы экономикалық сын-қатерге қарамастан, нарық экономиканың ынталандырыла және қалпына келе бастағанын көрсетіп, өсуін жалғастыруда.

Индекс S&P 500 в течение месяца после президентских выборов (последние 4 президента)



Дереккөз: Yahoo Finance

Шолуды дайындаған:
BCC Invest талдаушысы
Ануарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпараттық мақсатта қолданылады. Бұл материалды тарату инвестиция жасау жөнінен кеңес беру қызметі болып табылмайды. Осы материалда берілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Бұл материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған осы ақпаратты ғана негізге алмауы керек. Осы материалда көрсетілуі мүмкін есептерді, тарихи деректер мен өзге ақпаратты бұқаралық ақпарат көздерінен алынған ақпарат пен деректер негізінде BCC Invest қызметкерлері дайындаған. BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

BCC Invest ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауы бойынша пайдаланады және тәуекелді өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат белгілі бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату жөніндегі міндеттеме, мәміле жасауға ынталандыру және Клиентке инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оған қоса зейнетақы активтерін инвестициялаудың Клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ұсыным емес. Бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтері әртүрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралы», олар туралы ақпаратты BCC Invest ұсынады) операция жүргізер алдында осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссиялау проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасағанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәміле жасау белгілі бір тәуекелмен ұштасқан, олар үшін жауапкершілік BCC Invest компаниясына жүктелмейді, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс, тараптардың осындай тәуекелдің салдарын болжау және болдырмау мүмкіндіктері шектелген немесе жоқ.

Клиент қаржы құралдарымен мәміле жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Егер мәміленің экономикалық және заңдық мәні, құжаттамасы, шарттары мен оған байланысты тәуекел айқын болмаса немесе Клиенттің мақсаттарына, ниеті мен үмітіне сәйкес келмесе, клиент мәмілені жасамауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәміле жасау елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді туғызуы мүмкін. Сондықтан бұл мәмілелер тиісті тәуекелді өзіне қабылдауға және оларға байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтеруге дайын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасайтын кезде клиент тиісті мәмілені жасауға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және оқиғаның даму сценарийі қандай болса да, өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындауға қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуге тиіс.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдап, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті бәрін жоғалту тәуекелін, ықтимал шығыс пен шығын көтеретінін ескеруі қажет.

Болжанатын оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде бағалануы мүмкін. Бұрынғы инвестициялық қызметтің нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі сондай-ақ инвестиция құнының түсуіне немесе көтерілуіне негіз болуы мүмкін. BCC Invest ақпаратты пайдалану негізінде Клиенттің алуы мүмкін қаржылық нәтижесіне қатысты кепілдік немесе растау бермейді және қандай да бір жауапкершілікті алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген
10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.